

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Табиғат құбылыстары

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.02.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/28990/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Маңғыстау обылысы

Қарақия ауданы

Қарақұдық орта мектебі

Бастауыш сынып мұғалімі: Арықбаева Гүлшат

| | |
|---------------------|--|
| Пәні: | Дүниетану |
| Сабақтың тақырыбы: | Табиғаттағы құбылыстар |
| Мақсаты: | Табиғат құбылыстары туралы білімдерін толықтыру және жүйелендіру. |
| Міндеттер: | 1) Әр мезгілдің өзіне тән құбылыстарын білу 2) Табиғаттағы құбылыстарды алдын ала анықтау жолдары туралы әңгімелеу 3) Адамдар табиғат құбылысын өз қажеттіліктеріне қалай пайдалана алатынын талқылау |
| Күтілетін нәтижелер | — Табиғат құбылыстарының қандай қажеттіліктерге пайдаланауға болатынын өз сөздерімен айта біледі. — Әр жыл мезгіліне тән құбылыстарды топта талқылай алады — топтық жұмыс кезінде уақытты тиімді пайдалану |
| Ресурстар | Оқулық, әдістеме, АКТ видео ролик, сергіту сәті, суреттер, қосымша мәлімет, АЗ, стикер, себет |
| Оқыту әдістері | Психологиялық дайындық, шаттық шеңбері, топқа бөлу, топтық жұмыс, миға шабуыл, қызығушылықты ояту, Себет тәсілі, сергіту сәті, видео ролик, қосымша мәлімет, кері байланыс. |

| | | |
|----------------------|---|--|
| Тапсырмалар | 1-тапсырма Үй тапсырмасы: Диаграмма құру. 1-модуль, 2-модуль | 3-тапсырма «Себет» тәсілі «Жыл мезгілдері» 1-м, 2-м. |
| | 2-тапсырма «Миға шабуыл» Топ атын қорғау 1-м,2-м,4-м. | 4-тапсырма Қосымша мәлімет: Сен білесің бе? |
| Үйге тапсырма | Табиғат құбылыстары туралы мәлімет жинау | |
| Кері байланыс | «Өзіңді бағала» | |

Сабақтың жүрісі:**Сабақтың кезеңдері: Мұғалімнің іс-әрекеті Оқушының іс-әрекеті****1. Психология. икем.**

Амансың ба ,Алтын Күн!
Амансың ба ,Көк Аспан!
Амансың ба ,достарым!
Сендерді көрсем қуанам! өлең
жолын хормен айтқызу

Оқушылар шеңберде
тұрып бәрі бірге өлең
жолын айтады.

Топқа бөлу

Оқушыларға табиғат құбылыстарының
аттары жазылған парақшалар тарату.
(кемпірқосақ, найзағай, жел)

Оқушылар табиғат
құбылысының
аттарымен 3 топқа
бөлінеді.

Үй тапсырмасы:
Топтық жұмыс
1-модуль

1-топ «Табиғи дене», 2-топ
«Жасанды дене»,
3-топ «Заттар» тақырыбында
топтық тапсырма беру.

Әр топ өз
тапсырмаларын топта
орындап, қағаз бетіне
түсіреді және ортада
қорғайды.

2. Тұсаукесер
«Миға шабуыл»
1-м, 2-м.

Топ аттарын қорғау жұмысын
жүргізу.

-Бұларды бір сөзбен қалай атауға
болады?

Әр топ өз аттары
бойынша не білетіндерін
топта талқылап, өз
білетіндерін ортаға
салады.
Табиғат құбылыстары
екенін айтады.

**3.Негізгі бөлім
Сабақ мақсаты мен
табыс критерийі**

Мақсаты: Әр мезгілдің өзіне тән құбылыстарын білу. Осы табиғаттағы өзгерістер жөнінде ақпаратпен танысу.

Оқушылар сабақтың мақсаты мен қандай табысқа жететінін анықтап алады.

**Қызығушылықты
ояту 1-м**

Оқушыларға жыл мезгілдеріне байланысты жұмбақ жасыру. (Қыс. Күз. Көктем. Жаз)

Жыл мезгілдеріне байланысты жұмбақтарды шешеді және әр топ сол жыл мезгілдерінде болатын табиғаттағы өзгерістер туралы әңгімелейді.

«Себет» тәсілі 2-м

-Жыл мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? сұрағы төңірегінде топта талқылату, себетке жинау әдісін қолдану.

Оқушылар өз тобымен берілген бір жыл мезгілі бойынша талқылай отырып, бір сөзбен қағазға жазып себетке жинайды, қорғайды.

Оқулықпен жұмыс

Оқулықта берілген мәтінді оқыту, өз сөздерімен қаншалықты рас екенін салыстыру жұмыстарын жүргізу.

Оқушылар мәтінді оқиды. Онда не туралы айтылғанын қысқаша баяндайды.

**«Себет» тәсілі
1-модуль**

**Сергіту сәті
4-модуль**

Жаз айындағы табиғатта болатын құбылыстар жайында өз білетіндерін ортаға салғыза отырып, себетке жинату.

Себетке әр топтан оқушылар өз білетіндерін стикерге жазып себетке жинайды.

«Аққала» би қимылдарын жасату.

Оқушылар бәрі бірге би қимылдарын қайталай отырып, бір сергіп алады.

4.Қорытындылау**Қосымша мәлімет:**

«Сен білесің бе?»

Видео ролик тыңдау**4-модуль**

Адам қандай табиғат құбылыстарын өз қажеттеріне пайдалана білді?

Адам табиғат құбылысын игеріп өзіне бағындыра ала ма? қосымша мәлімет беру, видеоролик тамашалату.

Оқушылар видеороликті тамашалай отырып, сұрақ төңірегінде әңгіме жүргізіп талқылайды.

Рефлексиялық-бағалау

«Өзіңді бағала» парағын беру.

Әр топ өзін бағалау парағы арқылы кері байланыс жасайды.

Үйге тапсырма

Табиғат құбылыстары туралы мәлімет жинастырып келу.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі© 2026 **Bilimges.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.